Ұ Й Ғ А Р Ы М

2026 жылғы 31 наурыз № 7540-26-00-2м/2866 іс Алматы қаласы

Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья Д.Ғ.Айтбаев,

сот отырысының хатшысы М.Болежанова болып,

арызданушы Ш.А.Бакированың аудио-бейнебайланыс арқылы қатысуымен,

өзінің ашық сот отырысында Шолпан Арысбаевна Бакированың құқық мирасқорын ауыстыру жайлы арызы арызын қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы :

Арыз беруші жоғарыда аталған арызбен жүгінген.

Сот отырысында арызданушы Ш.А.Бакирова арыз уәждерін қолдап оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген борышкер сотқа келмеді, сот отырысын кейінге қалдыруды өтінбеді.

Арызды және оған тіркелген құжаттарды зерттеп, сотқа қатысушылардың уәждерін тыңдап, арыз төмендегі негіздермен қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 53-бабының 1-тармағына сәйкес, даулы немесе сот шешімімен белгіленген құқықтық қатынастардан тараптардың біреуі шығып қалған жағдайда (адамның қайтыс болуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, талапты басқаға беру, борышты аудару және даулы материалдық құқықтық қатынастардағы тұлғалардың басқа да ауысу жағдайлары) сот сол тарапты оның құқық мирасқорымен ауыстыруға жол береді. Құқық мирасқорлығы процестің кез келген сатысында мүмкін болады.

Іс-құжаттарына қарағанда, Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 8 маусымдағы шешімімен талап қоюшы Байтанатар Шакенович Бакировтың жауапкер Сайлаубай Турсынович Сейтановтан қарыз ақша өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкер Сайлаубай Турсынович Сейтановтан талап қоюшы Байтанатар Шакенович Бакировтың пайдасына 18 558 450 теңге қарыз ақша өндірілген, жауапкер Сайлаубай Турсынович Сейтановтаң мемлекеттік пайдасына 185 584,05 теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Аталған сот шешімі заңды күшінде және оның негізінде атқару парағы беріліп, Шымкент қаласының жеке сот орындаушысы Ахметова Мария Орынбасаровнаның өндірісіне қабылданып, 10.04.2025 жылы №377/25-79-5216 санымен атқарушылық іс қозғалған. Аталған атқарушылық құжаты әлі күнге дейін орындалу үстінде.

Сотта анықталғандай, өндіріп алушы Байтанатар Шакенович Бакиров 21.11.2025 жылы қайтыс болған. Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік бойынша мұрагері болып арыз беруші Шолпан Арысбаевна Бакирова болып табылады.

Документ подписан: Айтбаев Д. Ғ., 31.03.2026

Аталған заң талабына сай, сот қайтыс болған талап қоюшы Байтанатар Шакенович Бакировтың орнына оның құқық мирасқоры Шолпан Арысбаевна Бакироваға ауыстырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 53-бабын және 268, 269-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Д Ы:

Арыз беруші Шолпан Арысбаевна Бакированың құқық мирасқорын ауыстыру жайлы арызы – қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы Байтанатар Шакенович Бакировтың жауапкер Сайлаубай Турсынович Сейтановтан қарыз ақша өндіріп алу туралы азаматтық іс бойынша қайтыс болған талап қоюшы Байтанатар Шакенович Бакировтың орнына оның құқық мирасқоры Шолпан Арысбаевна Бакироваға ауыстырылсын.

Ұйғарымға наразы жақ 10 жұмыс күн ішінде ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық соты арқылы Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.Ғ.Айтбаев**

Документ подписан: Айтбаев Д. Ғ., 31.03.2026

7540-26-3-12/994